

Ғылыми-теориялық журнал
Научно-теоретический журнал



ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

№4 (54) 2018

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ
ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ ЖУРНАЛ | №4 (54) 2018
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ | Издается с января 2000 года

*Журнал поставлен на учет в Министерстве культуры, информации Республики Казахстан.
Свидетельство №13039-Ж от 20.09.2012 года (первичная постановка на учет – №969-Ж от 14 мая 1999 года).*

Главный редактор

Закирьянов Кайрат Кайруллинович – доктор педагогических наук, профессор, Президент Казахской академии спорта и туризма (Казахстан)

Зам. главного редактора

Авсиевич Виталий Николаевич – доктор PhD, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Редакционный совет

Андрущишин Иосиф Францевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Бабушкин Геннадий Дмитриевич – доктор педагогических наук, профессор, Сибирский государственный университет физической культуры и спорта (Россия)

Бектурганов Омиржан Ержанович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Beech John – доктор PhD, профессор, Университет Ковентри (Великобритания)

Доскараев Бауржан Мелдибекович – доктор педагогических наук, профессор, Казахский инженерно-педагогический университет (Казахстан)

Макогонов Александр Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Платонов Владимир Николаевич – доктор педагогических наук, профессор, Национальный университет физического воспитания и спорта Украины (Украина)

Құлбаев Айбол Тиналович – доктор PhD, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Chadwick Simon – доктор PhD, профессор, Университет Ковентри (Великобритания)

Richard Sharpley – доктор PhD, – профессор, Университет Центрального Ланкастера (Великобритания)

Усин Жанат Амангельдинович – доктор педагогических наук, профессор, Павлодарский государственный педагогический институт (Казахстан)

Хаустов Станислав Иванович – доктор педагогических наук, профессор, Казахская академия спорта и туризма (Казахстан)

Ханкельдиев Шер Хакимович – доктор педагогических наук, профессор, Ферганский физкультурный институт (Узбекистан)

Ulrich Hartmann – Professor of the Leipzig University (Germany)

Учредитель и собственник:

**КАЗАХСКАЯ АКАДЕМИЯ
СПОРТА И ТУРИЗМА**

Адрес редакции:

г. Алматы, пр. Абая, 85/105
Телефон: 292-30-07

При перепечатке ссылка на журнал «Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі. Теория и методика физической культуры» обязательна. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются.

Компьютерде беттеген және

мұқабасын безендірген

Айша Қалшева

ИБ №12524

Подписано в печать 28.12.2018.

Формат 60x84 1/8. Бумага офсетная.

Печать цифровая. Объем 9,6 п.л.

Тираж 500 экз. Заказ №104.

Издательский дом «Қазақ университеті»

Казахского национального университета

им. аль-Фараби.

050040, г. Алматы, пр. аль-Фараби, 71. КазНУ.

Отпечатано в типографии издательского дома «Қазақ университеті».

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК № 284 от 24.02.2017 г. научно-теоретический журнал академии «Теория и методика физической культуры» включен в список изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций. Журнал индексируется в РИНЦ, ИМПАКГ ФАКТОР КАЗБЦ – 0,173

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ, СПОРТА И ТУРИЗМА

Досқараев Б.М., Алтынбек Е.Т., Лесбекова Р.Б. Жоғары дәрежелі спортшыларды дайындаудағы олимпиадалық білім мен тәрбиенің орны.....	6
Дошыбеков А.Б., Ниязақинов Е.Б., Жунусбеков Ж.И., Унтаев Х.К. Дене шынықтыру және спорт саласындағы маркетинг идеясының дамуы.....	10
Авсиевич В.Н., Мухамбет Ж.С. Совершенствование подготовки научно-педагогических кадров в области физической культуры и спорта в Республике Казахстан.....	17
Агелеуова А.Т., Кефер Н.Э., Шепетюк М.Н., Ескалиев М.З., Нурмуханбетова Д.К. Основные проблемы и перспективы развития инклюзивного образования в Республике Казахстан.....	24
Марчибаева У.С., Бектенова А.Б. Действующая система поощрений спортсменов за высокие спортивные результаты в Республике Казахстан.....	32

МЕДИКО-БИОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Ұлықбекова А.О., Сатыбалдина А.Е., Ешпанова Г.Т., Махова О.Г., Сарсенбаева Ұ.Б. Созылмалы пневмония кезінде денелік оңалтуда кешенді әдістемедегі Цигун және Стрельникова тыныс алу гимнастикасының дәстүрлі емес формалары.....	39
--	----

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ НАСЕЛЕНИЯ

Абилдабеков С.А., Көшербаева Ғ.Н., Жунусбеков Ж.И., Шепетюк М.Н., Бектұрғанов Ө.Е. Әртүрлі конституциялық түрдегі жоғары сынып оқушыларының жеңіл атлетика спорт түрлерінен дене дайындықтарының көрсеткіштерін бағалау.....	45
Бронский Е.В., Лебедева В.И., Семёнова М.В., Антихович Ж.С. Анализ приоритетов в физическом воспитании и учебных программах по физической культуре в контексте обновления содержания среднего образования Республики Казахстан.....	52
Базарбаева К.Қ., Тоқтарбаев Д.Ғ.-С. Жас ұрпақтың ұлттық рухани-патриоттық және дене тәрбиесіне қазақтың ұлттық ойындарының тигізетін әсері.....	57
Pangelova N.E., Vlasova S.V. The content of the program of physical culture and fitness classes with elements of skating on roller skates for students of 5-6 grades.....	62
Сайтбеков Н.Д. Инновационные технологии в физическом воспитании студентов (теоретический обзор проблемы).....	69

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА СПОРТИВНОЙ ТРЕНИРОВКИ

Досқараев Б.М., Алтынбек Е.Т., Унтаев Х.К., Жуманова А.С. Футбол ойыны бойынша жарыстарды ұйымдастыру мен өткізудің кейбір мәселелері.....	77
Зернов Д.Ю., Хаустов С.И. Оптимизация физической и спортивно-технической подготовки кёрлеров.....	81

Нұрмұханбетова Д.К., Ермаханова А.Б., Лесбекова Р.Б., Талғатова Д., Сатыбалдина А.Е.
Жасөспірім мәнерлеп жүзуші қыздардың педагогикалық эксперимент барысындағы
морфофункционалды көрсеткіштері дамуы динамикасының сараптамасы 88

Ахметкарим М.
Влияние годового цикла подготовки и соревнований на физическую подготовленность
баскетболисток высокой квалификации 94

Ахметкарим М., Кудашова Л.Р., Кефер Н. Э., Жунисбек Д. Н., Кудашов Е. С.
Эффективность влияния физических нагрузок в подготовительном периоде на
показатели физической подготовленности студенток-баскетболисток высокой квалификации 101

Комаров О.Ю., Андрущишин И.Ф., Шпилевой А.И., Рахимов С.Н., Гльвяк А.Я.
Анализ показателей максимальной силы мышц кистей и предплечий у спортсменов в гиревом спорте 107

Саттарова А.А., Кефер Н. Э., Хомяков О.А., Ескалиев М.З.
Динамика морфометрических показателей девочек-волейболисток в годовом цикле 115

Шанкулов Е.Т., Андрущишин И.Ф., Жуманова А.С.
Жоғарыбілікті волейболшыларды атлетикалық даярлауды жоспарлау сараптамасы 120

ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА АКТИВНЫХ ВИДОВ ТУРИЗМА

Makogonov A.N., Rassulova S. K., Sardarov O.A.
Influence of physical preparedness of tourists on the possibility of loads in mountain areas 126

Макогонов А.Н., Иргебаев М.И., Закирьянов Б.К., Ганитаев М.С., Омаров К.М.
Сравнительный анализ адаптации туристов к физическим нагрузкам в горных условиях
в зависимости от категории сложности похода 130

Имангулова Т.В., Нусупова Л.С., Закирьянов Б.К.
Горный туризм как вид активного отдыха 135

КОНСУЛЬТАЦИЯ

Закирьянов Қ.К., Тілеуғалиев Ю.Ғ.
Қимылдатқыш тесттің сенімділігін анықтау. Ішкісыныптық корреляция коэффициенті 143

Закирьянов К.К., Телеугалиев Ю.Г.
Определение надежности двигательного теста. Внутриклассовый коэффициент корреляции 147

Сведения об авторах 151

ПОДГОТОВКА СПЕЦИАЛИСТОВ
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ,
СПОРТА И ТУРИЗМА



FTAMP 77.01.01

Досқараев Б.М., Алтынбек Е.Т., Лесбекова Р.Б.

Қазақ спорт және туризм академиясының ғылыми зерттеу институты,
Қазақстан, Алматы қ.

ЖОҒАРЫ ДӘРЕЖЕЛІ СПОРТШЫЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ОЛИМПИДАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕНІҢ ОРНЫ

Досқараев Бауржан Мелдебекұлы, Алтынбек Ербол Тұрғанбекұлы,
Лесбекова Рыскуль Борановна

Жоғары дәрежелі спортшыларды дайындаудағы олимпиадалық білім мен тәрбиенің орны

Аңдатпа. Бүгінгі таңдағы үлкен спортта оған қатысушы жоғары дәрежелі спортшылардың тек спорттық жетістіктері мен нәтижелері ғана емес, сондай-ақ, олардың олимпиадалық қозғалысқа, олимпизмнің гуманистік идеалдары мен құндылықтарына деген позитивті қатынасы, оларды жоғарылатудағы шынайы жетістіктері мен олар туралы толық әрі терең білімдерінің көрсеткіштері де мемлекет пен халықтың бет-бейнесін көрсететінін әлемдік тәжірибелер көрсетіп отыр. Сондықтан, бұл мақалада Олимпиадалық қозғалысқа қатысты тұжырымдамалар бойынша жоғары білікті спортшыларды дайындаудағы олимпиадалық білім мен тәрбиенің орны туралы маңызды мәселелер қарастырылады. Авторлар осы сала бойынша тиісті тұжырымдарға және ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, өздерінің талдаулары мен пікірлерін назарға ұсынады. Онда, сондай-ақ, жоғары дәрежелі спортшылардың өмірінде айырықша маңызы бар олимпизмнің басты құндылықтары туралы пікірлер мен мәліметтер осы ортаның кәсіпқой-бапкерлер ортасы үшін де ерекше пайдалы екені айтылады.

Түйін сөздер: Олимпизм, Олимпиада, Кубертен, спорт, білім, тәрбие, гуманизм.

Doskarayev Baurjan Meldebekuly, Altynbek Yerbol Turganbekuly, Lesbekova Ruskul

The role of Olympic education and upbringing in the preparation of high-class athletes

Abstract. Today, world practice shows that sportsmen of the highest category of big sports represent the face of the state and people not only with their sporting achievements and results, but also their positive attitude to the Olympic movement, humanistic ideals and values of Olympism, real achievements in their promotion, as well as their complete and deep knowledge are important in this. So, in the article discusses important questions about the role of Olympic education and upbringing in the preparation of highly skilled athletes in the context of concepts related to the Olympic movement. The authors offer their analyzes and opinions based on relevant findings in this area and the work of scientists. It also states that the opinions and information about the basic values of Olympism, which are of particular importance in the lives of high-ranking athletes, are especially useful for coaches and professionals of this environment.

Key words: Olympism, Olympiad, Kuberten, sport, education, upbringing, humanism.

Досқараев Бауржан Мелдебекович, Алтынбек Ербол Тұрғанбекович,
Лесбекова Рыскуль Борановна

Роль олимпийского образования и воспитания в подготовке спортсменов высокого класса

Аннотация. Сегодня мировая практика показывает, что спортсмены высшей категории большого спорта представляют государство и народ не только своими спортивными достижениями и результатами, но и своим позитивным отношением к олимпийскому движению, гуманистическим идеалам и ценностям олимпизма, поэтому реальные достижения в их продвижении, а также их полное и глубокое знание имеют большое значение в этом. В этой статье рассматривается роль олимпийского образования и воспитания в подготовке высококвалифицированных спортсменов в контексте концепций, связанных с олимпийским движением. Авторы предлагают свои анализы и мнения на основе соответствующих выводов в этой области и работы ученых. В нем также говорится, что мнения и сведения об основных ценностях олимпизма, которые имеют особое значение в жизни спортсменов высокого ранга, также особенно полезны и для тренеров-профессионалов этой среды.

Ключевые слова: Олимпизм, Олимпиада, Кубертен, спорт, образование, воспитание, гуманизм.

Кіріспе. Жалпы ХХІ ғасырдың басынан бастап олимпиадалық білім мен тәрбие барлық дерлік ғалымдар мен мамандарды барынша қызықтырып келеді. Мұның барысында негізгі мәселе олимпиадалық білімнің жалпы тұжырымдамасы туралы, сондай-ақ, оқушы жастар мен жас спортшыларға қатысты олимпиадалық білімнің мазмұны, формалары және әдістері туралы болмақ.

Осындай жағдайларды ескере отырып, «Олимпиадалық білім және жоғары дәрежелі спортшыларды тәрбиелеу» тақырыбында бірқатар салалық әдебиеттер талданып, кішігірім теориялық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеудің мақсаты – Олимпиадалық білім және жоғары дәрежелі спортшылар тәрбиесінің мазмұны мен ерекшеліктерін анықтау, осы педагогикалық қызметтің қажеттілігін негіздеу болып табылады.

Зерттеу әдістері: ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, тарихи материалдар, ресми құжаттар және сала мамандарының жұмыстары мен пікірлерін жинақтап қорыту.

Зерттеудің негізгі нәтижелерін талқылау. Олимпиадалық білім мен тәрбие жүйесін қалыптастырушы белгі, ол олимпиадасы-спортшының педагогикалық идеалы болып саналады, өйткені аталған бұл ұғым, осы педагогикалық қызмет мазмұндарының, мақсаттары мен міндеттерінің түсінігін айқындайды. Осы орайда айта кетерлік нәрсе, «жалпы дене шынықтырудың өзі, қоғам мәдениетінің элементі ретінде адамның рухани дамуына әсер етіп, жалпы мәдени маңызы бар құндылықтарды қалыптастырады» екен [1].

Соңғы кездердегі зерттеулер мен әдебиеттік деректер бойынша, олимпиадалық қозғалыстың дамуы барысында мынадай екі тұжырым қалыптасқан. Бірінші – барон Пьер де Кубертеннің тұжырымдамасы, яғни ол, олимпиадалық қозғалыс өзінің негізгі күшін достық, өзара түсіністік, толеранттылық және т.б. негізделген тұлғаны үйлесімді дамыту мінсіздігі, адамгершілікті әлеуметтік қатынастар тәрізді гуманистік идеалдар мен құндылықтар арқылы, спорттағы толыққанды іске асыруларға бағытталуы керек [2]. Екінші тұжырымдама бойынша, олимпиадалық қозғалыстың басты жоспарында тек спорттық міндеттерді шешу тұруы тиіс, яғни ол дегеніміз спорттық жарыстарға белсенді әрі тұрақты қатысуды, жоғары спорттық жетістіктерді, рекордтарды, жеңістерді (әсіресе, Олимпиада ойындарындағы) барынша қолдау.

Осылайша, олимпиадалық қозғалыстың бірінші тұжырымдамасында, оның негізгі құнды-

лығы ретінде спорттық жетістіктер, рекордтар, жеңістер қарастырылатын болса, онда олимпиадасы-спортшының идеалы ретінде, оның үйлесімді дамыған тұлға гуманистік идеалына сәйкес келуі немесе келмеуіне қарамастан, жоғары дәрежелі спортшы, рекордшы, чемпион, Олимпиада ойындарының жеңімпазы қарастырылады екен.

Ғылыми зерттеулердегі тұжырымдамаға сай, жоғары дәрежелі спортшының олимпиадалық білімі мен тәрбиесі бойынша бүкіл қызметі бағдарланатын олимпиадасы-спортшының педагогикалық идеалы, гуманистік тұрғыда бейімделген тұлға болып табылады, ал оған келесідей негізгі сипаттар тән болады:

а) олимпизмге, олимпиадалық қозғалысқа, олимпизмнің гуманистік идеалдары мен құндылықтарына деген позитивті қатынас, оларды өзінің өмірлік қызметтерінде іске асыруға тырысу;

ә) олимпизм идеалдары мен құндылықтарын жоғарылатудағы шынайы жетістіктері;

б) олимпизм, олимпиадалық қозғалыс, олимпизм идеалдары мен құндылықтары туралы толық әрі терең білімдер;

в) спорттық жетістіктерінің жоғары деңгейі;

г) олимпиадалық қозғалысқа белсенді қатысу;

д) денелік, психикалық және руханилық тұрғыда үйлесімді даму;

е) «Фэйр Плей» принциптерінің рухындағы жоғары адамгершілікті мінез-құлыққа бейімділік;

ж) тұлғаның бейбіт мәдениетін көрсетіп сипаттайтын мінез-құлық үлгілері мен құндылықтары, яғни: өзара түсіністік, достық, өзге мәдениет өкілдерінің мәдениетіне, идеологиясына, сеніміне сыйластықпен қарау, зорлық-зомбылықтан бас тарту т.б.;

з) шығармашылық белсенділік, өзінің спорттық жетістіктеріндегі ақылдық және сындарлы қызмет, өз-өзін мотивациялау мен жетілдіруге бейімділік [3].

Жоғарыда тізбектеліп өткен сипаттардан басқа, олимпиадалық білім мен тәрбиедегі ең маңызды элементтің бірі – ол допингке қарсы кодекс ережелері мен заңдылықтарын меңгеру мәселесі. Соңғы жылдары еліміздің бірқатар елеулі спортшыларының есімдері түрлі бұқаралық ақпарат құралдарында допинг дауына ұшырағаны баршаға аян. Бұл дегеніміз біздің жоғары дәрежелі немесе жоғары білікті спортшыларымыздың олимпиадалық білімнің бұл тармағынан мүлде хабарсыз екенін көрсетсе керек. Ал осы жерде олардың бапкерлерінің де осы бағыттағы білімдерінің мардымсыз екенін

айтар болсақ, онда артық айтпаған болар едік. WADA – допингке қарсы халықаралық агенттігі қабылдаған кодекс талабы барша спортшыға ортақ. Әрбір спортшы, бапкері, спорт төңірегіндегі шенеуніктер, ата-аналар білуі қажет бұл кодекс пен рұқсат етілмейтін препараттар тізімі интернетте орналастырылған. Әрине, елдегі мұндай өзекті мәселелерді шешу үшін еліміздің салалық уәкілетті органдары тарапынан тиісті заңнамаға толықтырулар жасалып, допинг қолдану жазасына қажетті өзгерістер енгізіліп жатса, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Осы аталған көзқарастарға сәйкес, мақалада басты айтылатын жәйт, жоғары дәрежелі спортшыны дайындаудағы басты мақсат, спортшылар бойында олимпиадашы-спортшының гуманистік тұрғыда бейімделген педагогикалық идеалының сипаттарына сай келетін білімдерді, тәрбиені, қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыруға ықпал ету.

Олимпиадалық білім мен тәрбие жоғары дәрежелі спортшылар үшін аса қажет. Біріншіден, дәл осылар Олимпиада ойындарына қатысады, яғни олимпиадалық қозғалыстың белсенді қатысушылары болып табылады. Екіншіден, жоғарыда аталып өткендей, олимпиадашының педагогикалық идеалына сәйкесті, тұлғаның білімдері, қасиеттері мен қабілеттері стихиялы түрде қалыптаспайды, олар түрлі спорттық, әсіресе олимпиадалық жарыстарға қатысудың нәтижелері болып саналады, яғни онда бұқаралық ақпарат құралдарымен, басқа спортшылармен араласады, ал бұл саналы және бағытты түрдегі педагогикалық қызметті талап етеді.

Қазақстанда 2011 жылы өткен Қысқы Азиада, 2017 жылы өтен Қысқы Универсиада кезінде біздің ұлттық құрама спортшыларына жүргізілген сауалнама, жоғары жетістіктер спортынан тыс спортшылар, студенттер мен оқушыларға қарағанда, олардың олимпиадалық қозғалысқа позитивті түрде қарайтынын көрсетті, алайда, мұнымен бірге оларда, әсіресе, Кубертен негіздеген олимпиадалық қозғалыс тұжырымдасы шеңберімен алғанда, қазіргі олимпиадалық қозғалыстың социомәдени қызметтері, мақсаттары мен міндеттері туралы көзқарастары мен оны бағалаулары біршама үстірт, әлсіз, яғни толыққанды емес екені байқалды.

Сондықтан, бүгіннен бастап, жоғары дәрежелі спортшылардың (әсіресе Олимпиада ойындарына қатысқандар мен оған қатысуға дайындалып жүргендердің) олимпиадалық білімі мен тәрбиесі процесінде, бұл спортшылардың олимпиадалық қозғалысты позитивті бағалауды

қалыптастырып қоюға ғана емес, сондай-ақ, оны гуманистік тұрғыда дұрыс түсіне білуге баса көңіл аударылуы қажет. Бұл басқа да зерттеулерден көрініс тауып отыр [4].

Сонымен қатар, арнайы дайындалған сауалнама негізінде, дәл сондай жолмен жоғары дәрежелі спортшыларымыздың жаттықтырушы-бапкерлерімен де сауалнамалар жүргізілді. Бұл сауалнамалар бойынша алынған мәліметтер, жаттықтырушы-бапкерлер тарапынан жоғары дәрежелі спортшылар үшін олимпиадалық білім мен тәрбиенің қажеттілігі және маңыздылығы туралы бірыңғай көқарастық түсініктерінің жоқ екенін көрсетті. Бұл бір жағынан бүгінгі таңдағы қазақ спорт қоғамында айқын байқалып отырған кері құбылыстың бірі десек те болғандай.

Сонау Х ғасырдың өзінде-ақ екінші ұстаз атанған әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактаты» атты еңбегінде: «Адам әрекетінің түпкі мақсаттарының бірі – Бақытқа жету, сол бақытқа тек білім мен игілік нәтижесінде ғана жетуге болады» деген. Ғұлама Фарабидің пікірі бойынша, оқу, тәрбие, білім алу, еңбек ету, ғылым адамы болу – ол адамгершілік және еңбек тәрбиесіне тығыз байланысты [5]. Әрине, осындай көне даналық көздерінен алынған бастау, жоғарыда атап кеткен Пьер де Кубертеннің олимпиадалық қозғалыс тұжырымдасында көрініс табуы ғажап емес.

Фарабидің жоғарыда атап өткендей, тәрбие, білім, ғылым және адамгершілік мәселелеріне орай, соңғы кездері жарыққа шыққан зерттеулік тарихи әдебиеттегі деректерді мысалға келтіре кетуге болады: «Олимпиадалық ойындар – бұл адамзаттың көне тарихындағы ең белгілі әрі кең көлемді спорттық сайыстар болып табылған. Осылайша олар ХІХ ғасырда қайта түлеп, бүгінгі күнге дейін сақталып келді. Тарих өз қойнауында Ежелгі Грекияның көрнекті азаматтарын – Олимпиада ойындарының жеңімпаздарын сақтап келеді, атап айтқанда: математик Пифагор, ғалым-дәрігер Гиппократ, фәлсафашылар Сократ пен Платон, сөз шешені Демосфен, тарихшы Геродот және т.б.» [6].

Біздің мұндағы айтпағымыз, тарих сахнасындағы осындай ерекше тұлғалар, өздерінің тәрбие, білім, ғылым, ең бастысы гуманистік адамгершілік негіздерін, өздерінің дене күші немесе спорттық жетістіктерімен ұштастыра білу арқылы өмірдің түрлі салаларындағы биік шыңдардан көріне білді. Ал мұндай құбылыстар тарих пен адам жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Жалпы алғанда, осы тақырыптағы ғылыми мақаланың бірінде: «Олимпиадалық спорттың негіз қалыптастырушы принциптері, олимпизмнің тәрбиімен, біліммен және адамның үйлесімді дамуымен өзара тығыз байланысты. Сондықтан қазіргі қоғамда олимпизм құндылықтарын ендірудегі басты құрал олимпиадалық білім болып табылады» деп тұжырымдалады [7].

Мінекей, біздің елімізде де осындай жолдар арқылы бапкерлер мен жоғары дәрежелі спортшылардың олимпиадалық білім және тәрбие жөніндегі көзқарастары, түйсіктері мен түсініктеріне терең қозғау салу аса қажет. Тек осындай жолдар арқылы кейбір бапкерлердің,

тек жоғары спорттық нәтиже беруші спортшыларды ғана қалыптастыру керек деген пікірлерін өзгертіп, болашақ гуманистік бейімдегі жоғары дәрежелі спортшыларды адамгершілік тұрғысында да жан-жақты жетістікке жетуші спортшы етіп шығаруына түрткі жасалуы тиіс деп есептейміз.

Қорытындылай келе айтқанда, еліміздегі олимпиадалық білім мен тәрбиені дамыту, тиісті уәкілетті органдарды айтпағанда, бұл бірінші кезекте Ұлттық Олимпиада комитетінің зерттеп-зерделейтін, оның Олимпиадалық академия жұмыстарын жетілдіру құралдары арқылы жүргізілуі аса қажет іс деп атауға болады.

Әдебиеттер

- 1 Досқараев Б.М. История физической культуры в Казахстане. – Брюссель-Алматы, 2014. – 234 с.
- 2 Аксенов Г.М. Научно-методические основы курса «Олимпийская педагогика Кубертена» // Международное спортивное и олимпийское движение: история, теория, практика: Межвузовский сб. научных матер. Вып. 2. – Воронеж, 1999. – С. 195-201.
- 3 Лагутина, М.Д. Олимпизм, олимпийское движение и олимпийские игры: учеб. пособие / Сибир. гос. ун-т физ.культуры и спорта, Сибир.олимп.акад.– Омск: СибГУФК, 2010. – 180 с.
- 4 Столяров В.И. Олимпийское образование и спартанская система воспитания // Спорт, духовные ценности, культура. Вып. 6. Спорт и олимпизм в современной системе образования: сб. ст – М.: «СпАрт» РГАФК, 1998. – С. 71-233.
- 5 Машанов А. Аль-Фараби. – Алматы: Жазушы, 1970. – 244 с.
- 6 Байжумин Ж.Г., Закирьянов К.К. Великая степь и Олимпийские игры Древней Греции. Происхождение спорта. – Алматы: КазАСТ, 2018. – 244 с.
- 7 Досқараев Д. Олимпийское образование и пути его внедрения в Республике Казахстан // Теория и методика физической культуры. – №3, 2012. – С. 48-51.

FTAMP 77.01.79

¹Дошыбеков А.Б., ²Ниязақынұлы Е.Б., ¹Жунусбеков Ж.И., ¹Унтаев Х.К.¹Қазақ спорт және туризм академиясы, Қазақстан, Алматы қ.²Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және өлем тілдері университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ МАРКЕТИНГ ИДЕЯСЫНЫҢ ДАМУЫ

Дошыбеков Айдын Бағдатович, Ниязақынұлы Ердоc Бағдатович, Жунусбеков Жаксыбек Ибрагимович, Унтаев Холдар Камбарович

Дене шынықтыру және спорт саласындағы маркетинг идеясының дамуы

Аңдатпа. Мақалада дене шынықтыру және спорт саласындағы маркетинг идеясының даму мәселесі қарастырылады. Жалпы экономикалық термин ретінде, маркетингтің мақсаты – клиенттердің құралды немесе рәміздік сұраныстарына жауап беретін бұйымдармен немесе қызметтермен қамтамасыз етуі анықталады. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер талдауы көрсеткендей, маркетинг нақты тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға және пайда табуға бағдарланған өнім өндіру ұйымдарының кешенді жүйесі, экспортер-өндірістің сыртқы және ішкі ортасын зерттеу, маркетингті бағдарламалар көмегімен нарықты жүргізудің стратегиясы мен тактикасын жасауы деп түсіндіріледі. Спорттық маркетингке қатысты, ол бүтіндей өндірістік-экономикалық маркетингтің жалпы қағидасына сүйеніп, құрылады, басқаша айтқанда, заманауи нарықтық экономика спортқа соның көмегімен коммерциализациялауды жүзеге асыра алатын механизмі ұсынылады. Автор зерттеуде спорттық маркетингті спорттық қызметті спорт пен маркетинг өзара үйлестікпен заңдарын құрметтеуін талап ететін өзіндік қызметі бойынша арнайы тауар ретінде қарастырады.

Түйін сөздер: дене шынықтыру, маркетинг, спорттық маркетинг, маркетинг тұжырымдамасы, спорт бағыттары, маркетингті басқару жүйесі.

Doshybekov Aidyn, Niyazakynov Erdos, Zhunusbekov Zhaxybek, Untayev Kholdar

Development of marketing ideas in the field of physical culture and sports

Abstract. The article discusses the development of the idea of marketing in the field of physical culture and sports. As an economic term as a whole, the idea of marketing is defined as the provision of goods and services that meet medium and attribute demand from customers. Analysis of scientific and pedagogical literature shows that marketing is a complex system of organizations that satisfies the demand of specific consumers, is engaged in the production of goods, and also examines the external and internal environment of the exporter-manufacturer, using marketing programs, programs the strategy and tactics of the market. Regarding sports marketing, it is built on the basis of the general principles of a whole production-economic marketing, the modern market economy offers sport, a mechanism that implements commercialization with its help. The author in the study considers sports marketing as a special product that performs an independent function, based on respect for the laws of mutual harmony of sports and marketing services.

Key words: physical culture, marketing, sports marketing, marketing concept, sports directions, sports management system.

Дошыбеков Айдын Бағдатович, Ниязақынұлы Ердоc Бағдатович, Жунусбеков Жаксыбек Ибрагимович, Унтаев Холдар Камбарович

Развитие идеи маркетинга в сфере физической культуры и спорта

Аннотация. В статье рассматривается развитие идеи маркетинга в сфере физической культуры и спорта. Как экономический термин в целом идея маркетинга определяется как обеспечение товарами и услугами, отвечающими средственным и атрибутивным спросом клиентов. Анализ научно-педагогической литературы показывает, что маркетинг – комплексная система организаций, удовлетворяющая спрос конкретных потребителей, занимающаяся производством товара, также исследующая внешние и внутренние среды экспортера-производителя, с помощью маркетинговых программ программирует стратегию и тактику ведения рынка. Относительно спортивного маркетинга, то он строится, опираясь на общие принципы целого производственно-экономического маркетинга, современная рыночная экономика предлагает спорту механизм, реализующий с его помощью коммерциализацию. Автор в исследовании спортивного маркетинга рассматривает как специальный товар, осуществляющий самостоятельную функцию, основывающийся на уважении законов взаимной гармонии услуг спорта и маркетинга.

Ключевые слова: физическая культура, маркетинг, спортивный маркетинг, концепция маркетинга, направления спорта, система управления спортом.

Кіріспе. Заманауи қоғамның нарық жағдайындағы тіршілік әрекеті ерекшеліктерінің бірі – маркетинг. Маркетинг мәселесі шектеулі және пәнаралық: экономика, педагогика, әлеуметтану, психология пәндері оның теориясы мен практикасының дамуына өз үлестерін қосады. Сондықтан маркетинг түсінігі заманауи ғылымда жиі қолданысқа ие болып отыр.

Жалпылама алғанда, маркетинг – адамның өз қажеттігі мен сұраныстарын алмасу арқылы қанағаттандыруға арналған іс-әрекетінің түрі. Маркетингтің мақсаты – клиенттердің құралды немесе рәміздік сұраныстарына жауап беретін бұйымдармен немесе қызметтермен қамтамасыз ету, әрі бұны оларға ыңғайлы жерде және қолжетімді бағада жүзеге асыру қажет [1].

Маркетинг кең мағынада – басқару пәлсапасы, осыған сай сұраныстарын тиімді қанағаттандыру арқылы тұтынушылардың проблемасын шешу, ұйымды табысқа жетелеп, қоғамға үлкен пайда әкеледі [2].

Маркетинг заманауи қоғамның тіршілік әрекетінің объективті шынайылығына, құрамдас бөліміне айналып отыр. Экономикасы дамыған елдерде материалдық тауарларды өндіру саласындағы маркетинг ХХ ғасырдың бас жағында, қызмет көрсету саласында 1950-1960 жылдары, саясатта 1980, әлеуметтік салада – 1990 жылдары қалыптаса бастады [3].

Зерттеу мақсаты. Дене шынықтыру және спорт саласындағы маркетинг идеясының даму мәселесін зерттеу.

Зерттеудің әдістері мен ұйымдастырылуы: ресми Интернет-ресурстардың және ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың мәліметтерін талдау, спорт маркетингі саласындағы қазақстандық зерттеушілер мен шетелдік ғалымдардың тәжірибесін салыстыру және жинақтау.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Маркетингтің негізін қалаған американдық ғалым Филипп Котллер маркетингке «Маркетинг – адамның өз қажеттігі мен сұраныстарын алмасу арқылы қанағаттандыруға арналған іс-әрекетінің түрі» деп анықтама берген.

Маркетинг мәселесін зерттеген ресей ғалымдарының бірі – Е.П. Голубков болды. Маркетинг, оның түсінігі бойынша, әлеуметтік-басқару үдерісі, ол арқылы адамдар жекелей немесе топпен өздеріне қажетті өнімдерді немесе олармен алмасуды алады [4].

Ғылыми әдебиетті талдау барысында маркетингтің пайда болу тарихын қарастыра отырып, оның бастапқыда клиенттердің тауарларды

қарапайым жарнамалауды біршама сәтті жүргізуі үшін тек қана саудада қолданылғанын байқадық.

Питер Друкер (1909-2005 жж.) маркетингтің отаны болып Жапония болып есептелінеді деді. Токио қаласында 1690 жылы Мацуи деген мырза алғаш рет әмбебап дүкенін ашты. Дүкен қожайыны сауда тарихында алғаш рет сатып алушыларының сұраныстары бойынша ғана тауарлар сатып, тауар сапасына кепілдік бере отырып, олардың түрлілік ауқымын кеңейтіп отырды [5].

Маркетинг дамуының бірінші кезеңі маркетингтің заманауи түсінігіндегі негізі болды. Бірінші кезеңнің ерекшелігі оның үш ретті кезеңнен тұратындығында:

1860-1920 жж. сұраныстың ұсыныстан басымдылығы жағдайында өндірілетін өнім көлемінің артуымен сипатталады, оның басты мақсаты – өндірілетін өнім көлемінің артуында;

1920-1930 жж. өндіріс көлемінің өсуі саласындағы жеткен жетістіктерді ескере отырып, өндірушілер өз назарын шығарылатын тауарларды олардың сапасын арттыру есебінен жетілдіруге және сәйкес тауарлық ассортименттің өзгертілуіне аударуға мәжбүр болады;

1930-1960 жж. өндірісті коммерциялық күшейтілулердің қарқынын арттыру есебінен ұйымдастыру басым келеді, өйткені бұл кезеңге ұсыныстың сұраныстан артық болуы тән, сондықтан маркетингтегі негізгі көңіл тұтынушының нарықтағы іс-әрекетін зерттеуге және белсенді түрде модельдеуге бөлінеді.

Маркетингтің екінші кезеңі – ХХ ғасырдың 50-60 жж. болған сапалы өзгеріс, бұл кезде экономикалық дамыған елдер барлық қиындықтарды жеңе отырып, дамудың жаңа кезеңіне аяқ басқан кездері. Енді маркетинг фирмаішілік жоспарлауға қарағанда біршама кең ауқымды үдеріс деп қарастырылып отыр. Ол клиентке бағдарланған маркетинг деген атау алады. Бұл іс-шаралардың барлығы тұтынушы нарығын қалыптастыруға әкеп соқты, оның басты қасиеті ұсынысты сұраныстан арттыру болып табылады.

Маркетинг эволюциясының үшінші кезеңі оны заманауи бизнес доктринасына; философиясына; фирма мен қоршаған орта арасындағы негізгі байланыс құралына, кешенді жүйелі қызметке айналдырды.

Келесі кезекте маркетинг мәселесінің Ресей ғылымында зерттелінуін қарастырсақ. Ресейде маркетинг дамуының бірінші кезеңі 1880 жылы басталып, 1917 жылдың қазан айына дейін созылды. Бұл өндірісті ірі кәсіпкерлік негізінде белсенді дамыту уақыты болды. Сол кездің өзін-

де түрлі маркетингтік құралдар қолданылды, нақты айтқанда: басылымды және қабырғаға ілінетін жарнама шығару жолы арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыру; халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу; меценаттық. Дегенмен, революция Ресейдегі маркетингтің дамуын үзіп тастады. Жаңа экономикалық саясаттың (ЖЭС) алға шығуымен маркетинг дамуының жаңа жолы басталады, бірақ 1929 жылдың келуімен және тауарларды қатаң бөлу жүйесімен маркетинг дамуы тағы да хрущевтік «жылыну» кезеңіне дейін алға баспай, «қарысып» қалады.

Арнайы әдебиеттерде маркетинг туралы алғашқы мәліметтер 60-шы жылдардың бас жағында пайда болды, бұл негізінен маркетингті буржуазиялық экономикалық ойдың капиталистік қоғамда «шешілмейтін» мәселелердің жүзеге асырылуын шешетін талпыныс ретінде қарастырылып сынға алынды. Бірақ Еуропадағы халықаралық экономикалық байланыстарды дамыту туралы келісімі қабылданған (1975 ж.) қауіпсіздік пен серіктестік бойынша Хелсинки жиылысынан кейін маркетинг қағидатына елде СССР сауда-өндіріс палатасында 1976 жылдың ақпан айынан бастап маркетинг мәселесі бойынша секция жұмыс жасай бастады.

Кейбір сыртқы экономикалық қарым-қатынастардың мәселелерімен шұғылданушы ғалымдар мен мамандар осы уақытқа дейін жоспарлы экономика жағдайында маркетингтің кейбір элементтерін қолданған тиімді деген идеялар тастады. Олар ресей маркетингінің негізін қалаушылар болды: Г. Абрамишвили, И. Герчикова, А. Горячев, В. Демидов, П. Завьялов, Д.И. Костюхин, И. Кретов, Б. Соловьев [6] және т.б.

Маркетингтік қызметті түсінудің сапалы жаңа кезеңі 80-ші жылдың ортасынан – 90-шы жылдың басына дейінгі аралықта Ресейдегі нарықтық қарым-қатынасқа көшумен байланысты. Бұл кезеңде маркетингті элитаға маркетинглогтардың жаңа тобы келіп қосылады: А. Браверманн, Е. Голубков, Н. Капустина, Р. Ноздрева, А. Хрупкий [7] және т.б.

Маркетингтің теориясы мен әдістемесі дамуына бұл кезеңде бірқатар маркетинглогтар маңызды үлес қосты, атап айтқанда: Г. Азов, Д. Баркан, Е.В. Дмитриева, В. Маркова, Я. Миркин, Е. Попов, И. Семенов, О. И. Спицын, Я.А. Цацулин, Ю. Цыпкин [8] және т.б. Кеңестер одағы елдеріндегі маркетинг ассоциациясы 1990 ж. құрылды (президенті – Г.Г. Абрамишвили), 1994 жылы ол Ресей маркетинг ассоциациясы болып қайта құрылды.

Ресейдегі нарықтық қызмет енді дами бастағандықтан, өндірістердің нарықтық жағдайларға қосылу қарқыны біркелкі емес, маркетингтің Ресей экономикасының тәжірибесіне енгізілуі кезеңді сипатты болып келеді. Негізгі күрделі жағдайларға келесі себептерді атауға болады: маркетинг тәжірибесі бойынша ресейлік әдістемелер мен құралдардың жоқтығы; бөлім атауларын олардың жұмысының мазмұнын іс жүзінде өзгертпей-ақ маркетингті екіге бөлу; өндіріс басшысының, орта буынның және қызметкерлерінің маркетингтік ойдың болмауы.

Сондықтан маркетингтің Ресейде қалыптасуының бастапқы кезеңінде ол негізінен саудасаттық қызметі, яғни нарықтық бөлу жүйесі ретінде қабылданды.

Дегенмен нарықтық экономиканың механизмдері маркетинг түсінігін өзгертуге мәжбүрледі: тек қана өндірілімде ғана емес, өнеркәсіптің ұйымдастырылуы-коммерциялық қызметі де қабылданды. Жаңа маркетинглогтардың қызмет түрлері: нарықтың біршама кеңінен зерттелуі; тұтынушылар мен бәсекелестер; жарнамалық қызметтің дамуы; біршама икемді баға саясатын жүргізу есебінен біршама кеңейе бастады.

Л.А. Данченконың пікірі бойынша, маркетингті ресей нарығына енгізу күрделенеді, оның себептері: менеджерлердің дәстүрлі ойлауы; басқару бөлімі біліктілігінің төменділігі; маркетингке жұмсалатын бастапқы шығынның көлемді қаражаты; сонымен бірге түсетін пайданың өсімі, тәртіпке сай өндіруге қатысты қарастырылады.

Нарықтық қарым-қатынастардың дамуы барысында маркетинг шынында да өндірістерді басқарудың нарықтық тұжырымдамасына айналды: барлық шешімдердің негізін нарықтан түсетін ақпарат құрайды.

В.И. Беляевтің пікірі бойынша, маркетинг өндірістерде шаруашылық жүргізудің нақты тиімді әдістемелерін айқындауы қажет.

Маркетинг (ағылшынша market – нарық) – нақты тұтынушылардың сұраныстарын қанағаттандыруға және пайда табуға бағдарланған өнім өндіру ұйымдарының кешенді жүйесі, экспорттер-өндірістің сыртқы және ішкі ортасын зерттеу, маркетингті бағдарламалар көмегімен нарықты жүргізудің стратегиясы мен тактикасын жасау.

Дене шынықтыру және спорт саласына қатысты маркетингке О.Н. Степанова нақты анықтама береді: «Маркетинг – адамдардың дене жаттығуларымен және спорт түрлерімен шұ-

ғылдануы кезіндегі сұраныстарын қанағаттандыруға арналған дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың нарықтық қызметінің стратегиясы мен тактикасы» [9].

Спорттық маркетинг саласындағы алғашқы ізденісті американдық адвокат Марку Маккормаку жүргізген, ол 1960 жылы әлемде бірінші боп International Management Group (IMG) антретренерлік фирма ашты, ол қазіргі күнге дейін Кәсіби спортшылардың қызығушылығын тудырып отыр. Бүгін шетелдік спорттағы маркетингтің нысандары тек қана қызметкерлер емес (спортшылар, спорттық командалар, жаттықтырушылар, функционерлер), сонымен бірге спорттық тауарлар, дене шынықтыру-спорттық қызметтер, ұйымдар мен құрылыстар, спорттық жарыстар және жағдаяттар, дене белсенділігі мен спорт түрлері, аймақтар (ең алдымен спорттық құрылыстардың салынуын қарастыратын ірі жарыстар өткізілетін орындар), идеялар (жобалар (мысалы, спорттық құрылыстар), спорттық-педагогикалық технологиялар, патенттер және т.б.).

Жоғарыда көрсетілген анықтамаларды біріктіріп, қорытынды жасасақ, дене шынықтыру және спорт саласындағы маркетингтің негізгі міндеті – тек қана дене шынықтыру-сауықтыру қызметінің тұрақты тұтынушысын табу емес, сонымен қатар оны берілген салада ұстап қалу емес, өз жұмысында маркетинг құралдарын біршама нақты қолданатын ұйымдарға барып тұру.

Тәжірибе көрсеткеніндей, спорттың арнайы міндеттерін білместен маркетингті қолдану кезінде маркетинг саласында сарапшы болып табылатын ең жақсы деген менеджер спорттың бір мәселесінің жекелей ғана шешімін ұсына алады. Маркетинг тұжырымдамасын дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарының қызметіне енгізу кезінде спорттың басты, дәстүрлі құндылықтарын ескеру қажет, ал нарыққа тікелей бағдарлануды және кірісті екінші жоспарға қойған жөн.

О.Н. Степанованың пікірі бойынша, маркетингті тежеп отырған субъективті факторлар төмендегідей:

- дене шынықтыру және спорт саласы мамандары-басқарушыларының жұмысқа даярлықтарының нашарлығы, олар жаңа нарық жағдайларында жұмыс істеуге қабілетті емес;

- нарықтық қызметтің моральді-этикалық қағидаларына бағдарланудың жоқтығы, дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне негізгі қатысушылардың: дене шынықтыру-спорттық

ұйымдарға келушілер мен қызметкерлерінің; дене шынықтыру-сауықтыру қызметіне тапсырыс берушілер (тапсырыс беруші ретінде жасына толмаған балалардың ата-аналары қарастырылады) сұраныстарын есепке алмау;

- ескірген, антимаркетингтік стереотиптерді (психологиялық ұстанымдар мен кедергілер) ұзақ уақыт бойы қолдану және қолдау, жалпы қоғамның дамуына арналған маркетингтің дене шынықтыру-спорттық қызметтегі мәнін нақты түсінбеу [9, 80 с].

Арнайылықты ескере отырып, келесі стереотиптерді қосуға болады:

1. Маркетинг дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың тауарларын сату мен қызметін ұсыну кезінде тұрақты түрде қолданылатын стандартты құрал ретінде қабылданады. Нақтылай қарастырған кезде, маркетинг нарықтың ең қарапайым элементі ретінде қарастырылады.

Егер маркетингтің функционалды мазмұнын қарастыратын болсақ, берілген салада оның ауқымы біршама кең. Спорттық маркетинг өзінің жалпылама белгілерімен және қасиеттерімен сипатталатын жалпы маркетингтің құрамдас бөлімі ретінде ғана қарастырылады. Спорттық маркетингтің бір басымдылығы – оның жанкүйерлер, демеушілер, спортшыларды сатып алу-сату, бұқаралық спорт, жоғары жетістіктер спорты, спорттық бизнес, салауатты өмір салты және т.б. ерекше объектілермен (субъектілермен) жұмыс жүргізуі және қарым-қатынаста болуы.

2. Маркетингтің жетілмегені ресей дене шынықтыру-спорттық қызметінде қолданыла алмайтын қандай да бір күрделі, мамандандырылған қызмет ретінде қарастырылуы.

Нарықтың пісіп-жетілмегендігін ерте ме, кеш пе, барлығы орнына келеді деген ұстаныммен өзіндік білім алу мен оқуға бағытталған үдеріс ретінде қарастыруға болмайды, тек сонда ғана маркетингті қолдануды бастаған жөн. Мұндай көзқарастың салдарынан дене шынықтыру-спорттық қызметтің бар саласы бұрыннан маркетингті өз жұмысында қолданып келе жатқан халықаралық спорттық қозғалыспен бәсекелестікке түсе алмайды.

3. Маркетингті басы бар, бірақ жеткілікті дәрежеде зерттелмеген нәрсе екендігінде тану іс-әрекеттердің тым күрделі және қымбат алгоритмы ретінде қарастырылады және тек қана ірі өндірістер мен ұйымдарда қолданылады.

Әрине, егер тек ауқымды нарықтық зерттеулерді, тұтынушылардың үлкен топтарының ауқымды сұраныстарын, нарықты жаулап алу

көлемін, жаңа тауарлар мен қызметтерді енгізуге арналған саналы инвестициялық қызметті қарастырсақ, мұның барлығы тек ірі дене шынықтыру-спорттық ұйымдарға ғана қол жетімді, өйткені үлкен қаржылық және кадрлық қорларды талап етеді [10]. Дегенмен, дене шынықтыру-спорттық қызмет көрсететін ұйымдардың басым бөлігі кіші бизнес саласы болып келетіндігін ұмытпаған жөн.

Тіпті фитнес-орталықтардың ірі желілері өз жұмысында меншіктік түрін өзгертпеген күйде франчайзингті технологияларды қолданады, істің мұндай жүргізілуі жағдайында нақ осы маркетинг бәсекелестік күрес барысында дамудың маңызды элементтерінің біріне айналуы мүмкін. Мемлекеттің маркетингті спорттық ұйымдардың қызметіне енгізу үдерісіне қатысуы тұрақты және уақытылы болуы қажет, өйткені кәсіби спорттың маңызды қоры – мемлекет өткізетін спорттық іс-шаралар екендігін ұмытпаған жөн.

Бұл іс-шараларға жұмсалатын шығындарды мемлекеттің тікелей үлкен спорт саласына арналған қаржылық қолдауы деп есептеуге болады (Н. Digel, М. Fahrner). Маркетингтің дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың қызметінің дамуында демеушілердің рөлі маңызды. Көбіне, демеуші-фирмалар имиджді

тауарға немесе қызметке көшіру ретінде негізгі мақсаттарды ұстанады, бұл жарнамаланушы тауарлардың жоғары танымалдылығын немесе тез танымалдылығын қамтамасыз етеді.

Демеушілік – спортқа, спорттық іс-шараларға, спорттық ұйымдарға және жарыстарға оларға қатысты сырттай фирма немесе адам көрсететін қолдау. Бұл түсінікке екі қасиет тән: демеуші спортқа ақшалай немесе басқалай жолмен үлес қосады, демеушілік қызмет демеуші-фирманың коммерциялық операциясының бөлімі болып табылмайды.

Ғылыми әдебиеттер талдауы көрсеткеніндей, спорттық ұйымдар үшін заманауи спорттық маркетинг – жаңа іс болып табылады. Спорттық маркетинг бүтіндей өндірістік-экономикалық маркетингтің жалпы қағидасына сүйеніп, құрылады, басқаша айтқанда, заманауи нарықтық экономика спортқа соның көмегімен коммерциализациялауды жүзеге асыра алатын механизмді ұсынады. Әрі ең маңыздысы, жетістікке тек өз маркетингі мен нарығын тез, әрі тиімді дамыта алғандар ғана қол жеткізеді.

Келесі кезекте біздің зерттеуіміздің негізгі спорт болғандықтан, ең алдымен, төменде біз спорттың басты бағыттарын көрсетуге тырыстық (1-кесте).

1-кесте – Спорттың басты бағыттары

Бағыттары	Сипаттамасы
Жоғары жетістіктер спорты	Спортшылардың көріністі қызметін паш етуге арналған.
Кәсіби спорт	Оған қатысатын спортшылар үшін кәсіп коммерциялық табысты көріністі өнімді жасауға арналған.
Қызығушылық спорт	Шұғылданушы спортшылар үшін негізгі кәсіп болып есептелінеді және оқумен, қызметпен, жұмыспен үйлестіріле жүргізілуі мүмкін.
Бұқаралық спорт	Тұрғындардың дене шынықтыруына, денсаулығын және жұмыс қабілеттілігін сақтауға арналған белсенді тынығу құралы болып табылады.

Кестеде қарастырылғанды түйіндесек, біздің зерттеуіміздің аясында бұқаралық спорт басым. Сонымен қатар, маркетингтің спорттық ұйымдардағы қызметін ары қарай анықтасақ, соңғы жылдары жастар, орта және ересек жастағылардың арасындағы уәждеменің басты факторы сәнді спорттық киім, аяқ киім, спорттық стильдегі безендірулер болып есептелінеді.

Бұдан басқа, спорттық рәміздер және басқа да спорт атрибуттары парфюмерия, ойыншықтарды жасау, қол сағаттарын жасау және т.б.

сияқты «спорттық емес» салаларға да белсенді түрде көшіріле бастады. Спорттық стильге және спорттық тауарларға деген сәнділік спорттық индустрияны қоғамдық өндірістің шынайы бұқаралық және әлеуметтік маңызды саласына айналдырды. Дене шынықтыру және спортпен шұғылданудың тағы да бір маңызды уәждемесі – қарым-қатынаста болу, спорттық ортада өзі іспеттес адамдарды табу, олармен пікір алмасуда. Достық қарым-қатынаста болу, басқа көпшілік адамдарға спортшылармен әлеуметтік топ ретін-

де қарым-қатынаста болу маңызды. Бұл жағдай тұлғаның әлеуметтік мәртебесін арттыруы мүмкін. Жанкүйерлер үшін маңызды уәждеме – тынығуға деген сұраныс, солар үшін күйіп-пісу, өз эмоцияларын шығару, психологиялық стрессті шығару.

Дене шынықтыру және спортты енгізу мен қолдануға қызығушылық танытып отырған мемлекеттің, өндірістің және спорттық ұйымдардың уәждемелері туралы айта кеткен жөн. Өйткені мұндай енгізу жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттырады, олардың зият-

керлік және денелік мүмкіндіктерін дамытады, дүниетанымдылығы мен қызығушылықтары ауқымын кеңейте түседі және ұлттың жалпы сауықтырылуына ықпал етеді. Командалық-әкімшілікті жүйеден нарықтық экономикаға көшу мемлекеттік билікті, тоталитарлық бақылауды азайтуға және дене шынықтыру және спорт саласы ұйымдарына көбірек еркіндік беруге бағдарланады.

Маркетингті өндірісті басқару жүйесін жасауға және енгізуге даярлық кезеңдері 2-кестеде қамтылған.

2-кесте – Өндірістік маркетингтің басқару жүйесін жасау мен енгізудің даярлық кезеңдері

Кезеңдер	Сипаттамасы
Стратегия жасалуы	Ескі өнімдерді жетілдіру және жаңа өнімдерді шығару жолдарын анықтау. Негізгі тұтынушылар мен өндіру саясатын анықтау.
Нарықтың зерттелуі	Өнім өндіру сараптамасы. Нарықтарды зерттеу. Тартымды нарықтық өндірістерді анықтау.
Өнімдерді нарыққа шығару	Көрмелер, презентациялар, жарнама, сұранысты ынталандыру.
Соңғы тұтынушыларға шығу	Сатып алушылармен тікелей байланыстар (қоңырау шалу, тікелей араласу). Өндіріс өнімдеріне деген тұтынушылар реакциясын анықтау.
Арадағы тұтынушыларға шығу	Арадағылармен байланыстар (қоңырау шалу, тікелей араласу). Өндіріс өнімдеріне деген тұтынушылар реакциясын анықтау.
Нарыққа шығуға әкімшілік қолдау көрсетілуі	Өнім өндіру және қызмет көрсету туралы ақпараттың өңделуі. Өндіріске материалдық-техникалық қолдау көрсету.
Логистика	Өнімді жеткізу мен сақтауды басқару
Төлемдерді басқару	Төлемдерді бақылау, дебютерлік қарыздарды басқару.
Заңдық мәселелер (контрактация)	Өнім өндірумен немесе өнеркәсіп қызметімен байланысты заңнамалық құжаттарды дайындау.

Барлық ұйымдар нақты бір тіршілік циклдерінен өтеді, осыған орай әрбір тіршілік циклінің кезеңінде өндірістің маркетингті қызметі өз қызметінің басты бағыттарын айқындауы қажет.

Қорытынды. Спорттық маркетинг өзіндік ерекшеліктері бар жалпы маркетингтің құрамдас бөлімі. Нақтырақ айтқанда, спорттық маркетингтің назарына көбіне жанкүйерлер, демеушілер, спортшыларды сатып алу, сату, бұқаралық спорт, спорттық бизнес, салауатты өмір салты және т.б. ілігеді. Спорттық маркетинг ғылым ретінде және тәжірибелік құрал ретінде ХХ ғасырда қалыптаса бастады, бұл кезде спорттық тауарлардың өндірілуі мен спорттық қызметтердің тұтынушының ауқымы біршама

кеңейді, ал клиент үшін бәсекелесік ушығып тұрды. Тұтынушы үшін күрес бұл кезеңде өндіруші өз тауарларын тек қана маркетингтік іс-шаралар есебінен қамтамасыз ете алатын еді. Сатып алушылар өздеріне ұсынылған қызметтерді таңдау есебінен өздерінің талаптарын күшейте түсті. Нақ солар өндірушілерге керісінше емес, өз шарттарын қоя бастады. Сонымен, ХХ ғасырдың екінші жарысында көптеген өндіруші фирмалар және кәсіби спорттық ұйымдар өнеркәсіп тұтынушылары – спорт клубтарының жанкүйерлері – табысты бизнестің негіздемелі құрылымдарының бірі, оларды тарту үшін және ұстап тұру үшін маркетинг қажеттілігі туындады.

Біздің ойымызша, ЖОО-лардағы студенттерді ұсынылған білім беру қызметімен қанағаттандыру деңгейін көтеру қызметі дербес маркетингтік бағдарламаларды қажет етеді.

Спорттық маркетинг спорттық қызметті спорт пен маркетинг іспетті екі жақтың да теориялық өзара үйлестікпен заңдарын құрметтеуін талап ететін өзіндік қызметі бойынша арнайы тауар ретінде қарастырады, олай

болса жекелей маркетингтік тәсілді қолдайды. Спорттық маркетинг экономика мен нарықтық қарым-қатынастардың жалпы заңдарына негізделеді, бірақ сонымен бірге оның бірқатар ерекшеліктері бар, соның арқасында өзіндік ұстанымы, бағыты бар, оның басты ерекшелігі – тауарлар мен қызметтерді нарыққа шығару және оны тұтынушының тиімді жүзеге асыруы.

Әдебиеттер

- 1 Котлер Ф. Основы маркетинга / пер. с англ.; ред.: О.Г. Раданова, Ю.Н. Куколев. – М.: Бизнес-книга, 1995. – 699 с.
- 2 Андрущишин И.Ф., Дошыбеков А. Қазақстан Республикасы жоғары білім беру саласындағы спорт маркетингісінің ерекшеліктері // БҚМУ «ХАБАРШЫ». – Уральск, 2015. – №4 (60). – С. 106-112.
- 3 Швальбе Х. Практика маркетинга для малых и средних предприятий / пер. с нем. – М.: Республика, 1995. – 317 с.
- 4 Голубков Е.П. Основы маркетинга. – М.: Издательство «Финпресс», 1999. – 225 с.
- 5 Питер Друкер. Менеджмент: задачи, обязанности, практика. – М.: ВИЛЬЯМС, 2008. – 992 с.
- 6 Абрамишвили Г.Г. Проблемы международного маркетинга. – М.: Международные отношения, 1984. – 223 с.
- 7 Хрупкий В.Н. Современный маркетинг. – М.: Финансы и статистика, 1991. – 256 с.
- 8 Цыпкин Ю.А. Организация и управление маркетингом на предприятиях молочного направления: автореф. ... канд. экон. наук. – М., 1994. – 21 с.
- 9 Степанова О.Н. Модели покупательского поведения на рынке физкультурно-спортивных услуг // Спорт и бизнес – теория, практика, решения. – 2006. – №3. – С. 14-20.
- 10 Зубарев Ю.А., Шамардин А.И. Менеджмент и маркетинг физкультурно-оздоровительных услуг: учебное пособие. – Волгоград: ВГАФК, 1998. – 88 с.

МРНТИ 77.01.79

Авсиевич В.Н., Мухамбет Ж.С.

Казахская академия спорта и туризма, Казахстан, г. Алматы

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПОДГОТОВКИ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ В ОБЛАСТИ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Авсиевич Виталий Николаевич, Мухамбет Жасын Серикбайұлы

Совершенствование подготовки научно-педагогических кадров в области физической культуры и спорта в Республике Казахстан

